


«Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы Қостанай
өңірлік университеті»
КеАҚ



БЕКІТЕМІН
Басқарма Төрағасы-
Ректоры м.а.


Е.Исакаев
«14» қараша 2023 ж.

«Жалпы білім беру ұйымдарындағы педагог-ассистент»
жалпы орта білім беру ұйымдарының педагог-ассистенттерін, педагог-
психологтар және әлеуметтік педагогтарын бағыты бойынша
педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Педагогтердің біліктілігін арттыру
бағдарламалары жөніндегі комиссия
отырысында қаралды,
27.09.2023 ж. №2 хаттама.

Қостанай, 2023

Бағдарлама авторлары:

Лиходедова Л.Н. арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессордың м.а..

Бегежанова Р.К., арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі.

Бағдарлама ескере отырып әзірленген:

- «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы;

- ҚР Білім және ғылым министрінің «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы;

- «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы;

- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

- «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген.

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың (бұдан әрі – ЕББҚ бар балалар) әлеуметтік бейімделу және қоғамға ену мақсатында олардың қабілеттеріне, мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім алу құқығын іске асыру жөніндегі қызмет болып табылады. Қазақстан Республикасында ЕББҚ бар балаларға білім берудің қазіргі заманғы моделінің ерекшеліктері:

- ЕББҚ бар балаларға мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде білім алу үшін қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен тең және арнайы жағдайларды қамтамасыз ету;

- баланы ерте жастан бастап кәсіби өзін-өзі анықтауға дейін әлеуметтендіру, оқыту және тәрбиелеу процесін қамтитын үздіксіз білім беру бағытының тәсілін іске асыруға бағытталу;

- тікелей «білім беру қызметтеріне тапсырыс берушілерге» - ата-аналарға бағдарланған қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарын қамтамасыз ету; қоғамдық ұйымдар өкілдерінің әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруға және ЕББҚ бар балаларды оқыту сапасын бақылауға қатысуы.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі «педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» № 169 бұйрығына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 388 бұйрығы) сәйкес қазақстандық мектептерде педагог-ассистент лауазымы енгізілді, кейінгі заңнамалық құжаттарда педагог-ассистенттің біліктілігіне қойылатын талаптар айқындалған.

Психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет ететін әр түрлі жастағы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен психофизикалық мүмкіндіктері педагог-ассистенттің кәсіби құзыреттілігіне елеулі талаптар қояды.

Бағдарлама педагог-ассистенттің нормативтік-құқықтық хабардарлық, олардың инклюзивті білімін тиімді іске асыру мақсатында ЕББҚ бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету бойынша теоретикалық ережелер және практикалық дағдылар мен біліктерді меңгеру саласындағы кәсіби құзыреттерін жетілдіруге, сондай-ақ педагог-ассистенттің мұғаліммен, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандарымен, ЕББҚ бар балалардың ата-аналары кәсіби өзара іс-қимылын жетілдіруге бағытталған..

Біліктілікті арттыру курстары 2 апта ішінде ұзақтығы 72 сағат күндізгі оқу нысанында ұйымдастырылады.

1 академиялық сағат-45 минут.

2. Глоссарий

1. **Инклюзивті білім беру** – кемсітушіліктің барлық түрлерін жоя отырып, әртүрлілік пен әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді құрметтей отырып, барлығына сапалы білім беруге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі.

2. **Инклюзивті мәдениет** – инклюзивті білім туралы білім және жауапкершілік осы процестің барлық қатысушылары арасында қабылданады және бөлінеді идеологиясы.

3. **Инклюзивті саясат** – адамның сапалы білім алу құқығын сақтауда және оны қоғамға біріктіруде, инклюзивті қоғамның құндылықтарын қолдауды қамтамасыз етуде мемлекеттің бірыңғай стратегиясын әзірлеу.

4. **Ерекше білім беру қажеттіліктері** – бұл ерекше қабілеттерден немесе туа біткен немесе жүре пайда болған бұзылыстардан, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларынан туындайтын оқу процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік.

5. **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар)** – тиісті деңгейдегі білім алу және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттіліктерді сезінетін адамдар (балалар).

5. **Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау** – білім алу үшін оқушыға қажетті көмек пен қызмет көлемін анықтау.

6. **Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу** – педагогтар мен мамандардың жүйелі ұйымдастырылған қызметі, оның барысында оқушының мүмкіндіктеріне, қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлардың жасалуы.

7. **Педагог-ассистент** – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) ұсынымы негізінде оқу-тәрбие процесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы сүйемелдейтін тұлға.

8. **Оқу жоспары** – тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің, кәсіптік практикасының, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) және бақылау нысанын регламенттейтін құжат.

9. **Жеке оқу жоспары** – білім алушыға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің тәрбиешісі және/немесе мамандары оның жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, үлгілік оқу жоспары негізінде жасаған оқу жоспары.

10. **Жеке оқу бағдарламасы** – оның жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, үлгілік оқу бағдарламасы негізінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мұғалімі және/немесе мамандары құрастырған оқу бағдарламасы.

11. **Қысқартылған (бейімделген) оқу бағдарламасы** – оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасы.

3. Бағдарлама тақырыптары

<p>Модуль 1 Педагог-ассистент қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету</p>	<p>Тақырып 1.1 Инклюзивті мәдениет, саясат және практика принциптері. Инклюзивті білім беруді енгізудің қазақстандық және халықаралық тәжірибесі</p> <p>Тақырып 1.2 ҚР арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік - құқықтық базасы.</p>
<p>Модуль 2 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жеке-психологиялық ерекшеліктері</p>	<p>Тақырып 2.1 Психофизикалық дамудың бұзылуына байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар</p> <p>Тақырып 2.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оқуда ерекше қиындықтары бар, мінез-құлық және эмоционалдық бұзылыстары бар балалар.</p> <p>Тақырып 2.3 Қолайсыз өмір сүру жағдайларына байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т.б. проблемалар).</p>
<p>Модуль 3 ЕББҚ бар білім алушыны сүйемелдеу бойынша педагог-ассистент жұмысының ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері</p>	<p>Тақырып 3.1 «Ерекше білім беру қажеттіліктері» ұғымы.</p> <p>Тақырып 3.2 Білім берудегі әмбебап оқу дизайнының түсінігі мен принциптері.</p> <p>Тақырып 3.3 Оқу жоспары және оқу бағдарламасы. Оқу бағдарламала-рының түрлері.</p> <p>3.4-тақырып АСБ бар білім алушылар үшін оқу бағдарламасын бейімдеу.</p> <p>3.5-тақырып ЕББҚ бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау. ЕББҚ бар білім алушылардың қажеттіліктерін бағалау және қолдау деңгейлері.</p> <p>Тақырып 3.6 ЕББҚ бар балаларды оқытудың арнайы және балама әдістері.</p> <p>Тақырып 3.7 «Кедергісіз орта» және оқу орнын бейімдеу, компенсаторлық және техникалық құралдарды пайдалану ерекшелігі.</p> <p>Тақырып 3.8 Жалпы білім беретін мектепте ЕББҚ бар білім алушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.</p> <p>Тақырып 3.9 Педагог-ассистенттің құжаттамасы, ЕББҚ бар білім алушының портфолиосы.</p>

Модуль 4 Айнымалы (вариативті) модуль	Тақырып 4.1 Инклюзивті сыныпта тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістері мен формалары Тақырып 4.2 Педагог-ассистенттің ЕББҚ бар баланың ата-анасымен өзара іс-қимылының мазмұндық-ұйымдастырушылық нысандары
Қорытынды бақылау	Жобалық жұмысты қорғау

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты - «инклюзияны қолдау кабинеті» жұмысы жағдайында жалпы білім беру ұйымдарында ЕББҚ бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін қажетті педагог-ассистенттердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру болып табылады, ол ЕББҚ бар балаларға білім беру мен әлеуметтендіруді, инклюзивті білім беру жағдайында оң психологиялық ахуалды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның міндеттері:

1. ҚР инклюзивті білім беру, жалпы білім беру ұйымдарындағы педагог-ассистенттердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен таныстыру;
2. «Ерекше білім беру қажеттіліктері» туралы түсінік қалыптастыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі санаттарымен және ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау алгоритмімен таныстыру;
3. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының жұмыс мазмұнымен; жалпы білім беру ұйымында ЕББҚ бар оқушыны сүйемелдеу жөніндегі мамандардың жұмыс кезеңдерімен және қызмет бағыттарымен таныстыру;
4. ЕББҚ бар оқушылар үшін жеке оқу бағдарламаларын, қысқартылған оқу бағдарламаларын, жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ) әзірлеу алгоритмімен таныстыру;
5. Білім беру процесін ұйымдастыру және ЕББҚ бар оқушыларды әлеуметтендіру бойынша бағдарламалық құжаттарды дайындауда зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1. ҚР инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы, педагог-ассистенттің біліктілік талаптары мен құзыреттері туралы білімі бар;
2. Жалпы білім беру ұйымдарында ЕББҚ бар оқушыларды оқытудағы қиындықтардың себебін түсінеді, осы санаттағы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау алгоритмін меңгереді;
3. Оқу процесінде ЕББҚ бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен тәсілдерін анықтайды;

4. ЕББҚ бар білім алушылар үшін жеке және қысқартылған оқу бағдарламаларын құрастыру дағдыларын қолданады;

5. Дербес зерттеу қызметінде арнайы және инклюзивті білім берудің пәндік және пәнаралық білімдерін қолданады.

5.Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

<p>Модуль 1 Педагог-ассистент қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету</p>	<p>Тақырып 1.1 Инклюзивті мәдениет, саясат және практика принциптері. Инклюзивті білім беруді енгізудің қазақстандық және халықаралық тәжірибесі</p> <p>1.1.1 Инклюзивті мәдениет, саясат және практика принциптері.</p> <p>1.1.2 Инклюзивті білім беруді енгізудің қазақстандық және халықаралық тәжірибесі. Инклюзивті білім беру модельдері.</p> <p>1.1.3.ЕББҚ бар балалардың әртүрлі санаттарына инклюзивті білім беруді ұйымдастыру шарттары.</p> <p>Тақырып 1.2 ҚР арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік - құқықтық базасы.</p> <p>1.2.1 Жалпы білім беру ұйымдарында инклюзивті процесі ұйымдастырудың құқықтық негіздері (халықаралық және отандық нормативтік-құқықтық актілер).</p> <p>1.2.2 ҚР-дағы «педагог-ассистент» лауазымына қойылатын біліктілік талаптары.</p>
<p>Модуль 2 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жеке-психологиялық ерекшеліктері</p>	<p>Тақырып 2.1 Психофизикалық дамудың бұзылуына байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар</p> <p>2.1.1 Ақыл-ой дамуының бұзылысы бар балалар (психикалық дамуының тежелуі (ПДТ), ақыл-ой кемістігі)</p> <p>2.1.2 Анализатор жүйесі бұзылған балалар (есту, көру, тірек-қимыл аппараты)</p> <p>2.1.3. Сөйлеу қабілеті бұзылған балалар</p> <p>2.1.4 Аутизмі бар балалар, аутизм спектрі бұзылған балалар (АСБ)</p> <p>Тақырып 2.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оқуда ерекше қиындықтары бар, мінез-құлық және эмоционалдық бұзылыстары бар балалар</p> <p>2.2.1 Жеке оқу дағдыларын игеруде қиындықтары бар интеллектісі сақталған білім алушылардың ерекшеліктері: жазу, оқу немесе санау (дисграфия, дислексия, дискалькулия және т.б.).</p> <p>2.2.2 Гиперактивтілік пен зейін тапшылығының бұзылуына, аутизм спектрінің өрескел бұзылуына байланысты мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар.</p>

	<p>2.2.3 Қолайсыз психологиялық факторларға байланысты қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар оқушылардың ерекшеліктері (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, балалар және ата-аналар мен отбасы ішіндегі қатынастар).</p> <p>Тақырып 2.3 Қолайсыз өмір сүру жағдайларына байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т.б. проблемалар).</p> <p>2.3.1 Балаларды тәрбиелеуге және дамытуға тиісті көңіл бөлмейтін отбасылардан; әлеуметтік қауіпті отбасылардан (маскүнемдік, нашакорлық және т. б. бар ата-аналар) сынды аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың микроәлеуметтік және педагогикалық немқұрайлылығы;</p> <p>2.3.2 Жергілікті қоғамға бейімделуі қиынға соғатын балалар (босқындар, мигранттар, оралмандар) немесе мектепте оқу тілінде нашар түсінетін және сөйлемейтін балалар және т. б.</p>
<p>Модуль 3 ЕББҚ бар білім алушыны сүйемелдеу бойынша педагог-ассистент жұмысының ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері</p>	<p>Тақырып 3.1 «Ерекше білім беру қажеттіліктері» ұғымы.</p> <p>3.1.1 Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау.</p> <p>3.1.2 Ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы</p> <p>Тақырып 3.2 Білім берудегі әмбебап оқу дизайнының түсінігі мен принциптері.</p> <p>3.2.1 Білім берудегі «әмбебап оқу дизайны» ұғымы, «педагогикалық дизайн», педагогикалық дизайнды жобалау кезеңдері.</p> <p>3.2.2 ЕББҚ оқушыларды оқытудағы қиындықтарды есепке алу, білім берудегі әмбебап дизайнның үш қағидасы.</p> <p>Тақырып 3.3 Оқу жоспары және оқу бағдарламасы. Оқу бағдарламала-рының түрлері.</p> <p>3.3.1 «Оқу жоспары», «оқу бағдарламасы» анықтамасы.</p> <p>3.3.2 Оқу бағдарламаларының түрлері (жалпы білім беретін, арнайы, қысқартылған (бейімделген), жеке).</p> <p>3.3.3 ЕББҚ бар білім алушылардың оқу бағдарламаларын бейімдеу тәсілдері.</p> <p>Тақырып 3.4 АСБ бар білім алушылар үшін оқу бағдарламасын бейімдеу.</p> <p>3.4.1 Жалпы білім беру ұйымында АСБ бар білім алушылар үшін бейімделген (қысқартылған) оқу бағдарламасын әзірлеу және іске асыру үшін қажетті ұйымдастыру шарттары.</p> <p>3.4.2 АСБ бар білім алушыны оқытудың жеке бағдарламасының құрылымы.</p> <p>3.4.3 АСБ бар білім алушыны оқыту мен тәрбиелеудің</p>

	<p>арнайы шарттарын анықтау.</p> <p>Тақырып 3.5 ЕББҚ бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау. ЕББҚ бар білім алушылардың қажеттіліктерін бағалау және қолдау деңгейлері.</p> <p>3.5.1 ЕББҚ бар балалар тобы. Ерекше білім беру қажеттіліктерін сипаттау.</p> <p>3.5.2 ЕББҚ бар оқушылардың қажеттіліктерін бағалау және қолдау деңгейлері.</p> <p>Тақырып 3.6 ЕББҚ бар балаларды оқытудың арнайы және балама әдістері.</p> <p>3.6.1 Аутистік спектрі бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық көмектің негізгі бағыттары мен ережелері: қолданбалы мінез-құлық талдауы (АВА-терапия), ТЕАСН бағдарламасы және т. б.</p> <p>3.6.2 Оқулықтарды, оқу құралдарын таңдау, ЕББҚ бар балаларға арналған жеке оқу материалдарын дайындау.</p> <p>Тақырып 3.7 «Кедергісіз орта» және оқу орнын бейімдеу, компенсаторлық және техникалық құралдарды пайдалану ерекшелігі.</p> <p>3.7.1 ЕББҚ бар білім алушыға арналған. «кедергісіз орта», «оқу орнын бейімдеу» ұғымдары</p> <p>3.7.2 ЕББҚ бар адамдардың оқу процесінде қолданылатын компенсаторлық және техникалық құралдар.</p> <p>Тақырып 3.8 Жалпы білім беретін мектепте ЕББҚ бар білім алушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.</p> <p>3.8.1 Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды сүйемелдеуді (қолдауды) ұйымдастыру.</p> <p>3.8.2 Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және ЕББҚ бар білім алушының мектебінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағыттарын анықтау бойынша жұмыс кезеңдері.</p> <p>3.8.3 ЕББҚ бар білім алушылар үшін жеке түзету-дамыту бағдарламаларын жобалау.</p> <p>Тақырып 3.9 Педагог-ассистенттің құжаттамасы, ЕББҚ бар білім алушының портфолиосы.</p> <p>3.9.1. Жалпы білім беру мекемесінде ЕББҚ бар білім алушыны сүйемелдеу бойынша педагог-ассистенттің құжаттамасы (ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау мазмұнын анықтау және т. б.)</p> <p>3.9.2. ЕББҚ бар білім алушының портфолиосы (коммуникативтік паспорт).</p>
<p>Модуль 4 Айнымалы</p>	<p>Тақырып 4.1 Инклюзивті сыныпта тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістері мен формалары</p>

(вариативті) модуль	<p>4.1.1. Тәрбиенің мәні және оның білім беру процесінің тұтас құрылымындағы орны. Тәрбиенің мақсаты. Тұлғаның бастапқы мәдениеті. Тәрбиенің заңдылықтары мен принциптері. Тәрбиенің әдістері мен формалар. Тәрбие тәсілдері мен құралдары.</p> <p>4.2.2 Тәрбиенің негізгі бағыттары. Тәрбиедегі педагогикалық өзара іс-қимыл. Арнайы білім беру ұйымдарында ата-аналармен жұмыс жүйесі.</p> <p>4.2.3. Инклюзивті мектептегі тәрбие процесінің мазмұны мен құрылымы. Тәрбие процесінде сараланған жеке тәсілді жүзеге асыру.</p> <p>Тақырып 4.2 Педагог-ассистенттің ЕББҚ бар баланың ата-анасымен өзара іс-қимылының мазмұндық-ұйымдастырушылық нысандары</p> <p>4.2.1. Жалпы орта білім беру мекемесінің ЕББҚ бар білім алушының отбасымен тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру. Өзара әрекеттесу кезеңдері.</p> <p>4.2.2 Педагог-ассистенттің ЕББҚ бар оқушының ата-анасымен бірлескен қызметі бағдарламасы.</p> <p>4.2.3 ЕББҚ бар оқушының ата-анасымен педагог-ассистенттің бірлескен қызметінің нысандары (бейне-практикум, виртуалды кеңестік кабинет, пікірталастар, іскерлік ойындар және т. б.)</p>
Қорытынды бақылау	Жобалық жұмысты қорғау

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары 2 апта ішінде ұзақтығы 72 сағат күндізгі оқу нысанында ұйымдастырылады.

Оқытудың негізгі әдістері мен жұмыс түрлері: интерактивті дәріс, зерттеу сұхбаты, сыни ойлауды дамыту технологиясы, проблемалық жағдайларды шешу, ЕББҚ бар оқушылардың мінез-құлқының «бейнефрагменттерін» қарау, ауызша сауалнама жүргізу, ЕББҚ бар оқушыға бейімделген және жеке бағдарламалар жасау.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

- Курс бағдарламасы;
- Курстық оқытуда қолданылатын әдістер мен тәсілдердің сипаттамасы;
- Теориялық материал (презентациялар, сандық ресурстар);
- Практикалық тапсырмалар (белсенділік, жаттығулар, сұрақтар);
- Өзіндік жұмыс бойынша тапсырмалар (бағалау критерийлері);
- Негізгі әдебиеттер мен зерттеуге арналған қосымша көздер мен ресурстардың тізімі, интернет-ресурстар.

Күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтар тақырыбы	Дәріс	Семинар	Практикалық жұмыс	Тренинг	Көшпелі практикалық сабақ	Жобаны қорғау	Барлығы
Модуль 1 Педагог-ассистент қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету		2		1				4
1.1	Инклюзивті мәдениет, саясат және практика принциптері. Инклюзивті білім беруді енгізудің қазақстандық және халықаралық тәжірибесі	1						1
1.2	ҚР арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік - құқықтық базасы.	1	1	1				3
Модуль 2 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жеке-психологиялық ерекшеліктері		22	4	6	2	4		38
2.1	Тақырып 2.1 Психофизикалық дамудың бұзылуына байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар	2						2
	2.1.1 Ақыл-ой дамуының бұзылысы бар балалар (психикалық дамуының тежелуі (ПДТ), ақыл-ой кемістігі)	2		2				4
	2.1.2 Анализатор жүйесі бұзылған балалар (есту, көру, тірек-қимыл аппараты)	2	1					3
	2.1.3. Сөйлеу қабілеті бұзылған балалар	2		2				4
	2.1.4 Аутизмі бар балалар, аутизм спектрі бұзылған балалар (АСБ)	4	2			2		8
2.2	Тақырып 2.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оқуда ерекше қиындықтары бар, мінез-құлық және эмоционалдық бұзылыстары бар балалар	2						2
	2.2.1 Жеке оқу дағдыларын игеруде қиындықтары бар интеллектісі сақталған білім алушылардың ерекшеліктері: жазу, оқу немесе санау (дисграфия, дислексия, дискалькулия және т.б.).	2		1				3
	2.2.2 Гиперактивтілік пен зейін тапшылығының бұзылуына, аутизм спектрінің өрескел бұзылуына байланысты мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар.	2		1		2		5
	2.2.3 Қолайсыз психологиялық факторларға байланысты қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар оқушылардың ерекшеліктері (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, балалар және ата-аналар мен отбасы ішіндегі қатынастар).	2			2			4
2.3	Тақырып 2.3 Қолайсыз өмір сүру жағдайларына байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т.б. проблемалар).	2	1					3

Модуль 3 ЕББҚ бар білім алушыны сүйемелдеу бойынша педагог-ассистент жұмысының ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздері		8	1	8	2	11	4	34
3.1	Тақырып 3.1 «Ерекше білім беру қажеттіліктері» ұғымы. 3.1.1 Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау. 3.1.2 Ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы	1		1				2
3.2	Тақырып 3.2 Білім берудегі әмбебап оқу дизайнының түсінігі мен принциптері. 3.2.1 Білім берудегі «әмбебап оқу дизайны» ұғымы, «педагогикалық дизайн», педагогикалық дизайнды жобалау кезеңдері. 3.2.2 ЕББҚ оқушыларды оқытудағы қиындықтарды есепке алу, білім берудегі әмбебап дизайнның үш қағидасы.	1	1					2
3.3	Тақырып 3.3 Оқу жоспары және оқу бағдарламасы. Оқу бағдарламала-рының түрлері. 3.3.1 «Оқу жоспары», «оқу бағдарламасы» анықтамасы. 3.3.2 Оқу бағдарламаларының түрлері (жалпы білім беретін, арнайы, қысқартылған (бейімделген), жеке). 3.3.3 ЕББҚ бар білім алушылардың оқу бағдарламаларын бейімдеу тәсілдері.	2		2				4
3.4	Тақырып 3.4 АСБ бар білім алушылар үшін оқу бағдарламасын бейімдеу. 3.4.1 Жалпы білім беру ұйымында АСБ бар білім алушылар үшін бейімделген (қысқартылған) оқу бағдарламасын әзірлеу және іске асыру үшін қажетті ұйымдастыру шарттары. 3.4.2 АСБ бар білім алушыны оқытудың жеке бағдарламасының құрылымы. 3.4.3 АСБ бар білім алушыны оқыту мен тәрбиелеудің арнайы шарттарын анықтау.			2		4		6
3.5	Тақырып 3.5 ЕББҚ бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау. ЕББҚ бар білім алушылардың қажеттіліктерін бағалау және қолдау деңгейлері. 3.5.1 ЕББҚ бар балалар тобы. Ерекше білім беру қажеттіліктерін сипаттау. 3.5.2 ЕББҚ бар оқушылардың қажеттіліктерін бағалау және қолдау деңгейлері.			2		2		4
3.6	Тақырып 3.6 ЕББҚ бар балаларды оқытудың арнайы және балама әдістері. 3.6.1 Аутитік спектрі бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық көмектің негізгі бағыттары мен ережелері: қолданбалы мінез-құлық талдауы (АВА-терапия), ТЕАСН бағдарламасы және т. б. 3.6.2 Оқулықтарды, оқу құралдарын таңдау, ЕББҚ бар балаларға арналған жеке оқу материалдарын дайындау.	2				2		4

3.7	Тақырып 3.7 «Кедергісіз орта» және оқу орнын бейімдеу, компенсаторлық және техникалық құралдарды пайдалану ерекшелігі. 3.7.1 ЕББҚ бар білім алушыға арналған. «кедергісіз орта», «оқу орнын бейімдеу» ұғымдары 3.7.2 ЕББҚ бар адамдардың оқу процесінде қолданылатын компенсаторлық және техникалық құралдар.				2	2		4
3.8	Тақырып 3.8 Жалпы білім беретін мектепте ЕББҚ бар білім алушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. 3.8.1 Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды сүйемелдеуді (қолдауды) ұйымдастыру. 3.8.2 Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және ЕББҚ бар білім алушының мектебінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағыттарын анықтау бойынша жұмыс кезеңдері. 3.8.3 ЕББҚ бар білім алушылар үшін жеке түзету-дамыту бағдарламаларын жобалау.	2					4	6
3.9	Тақырып 3.9 Педагог-ассистенттің құжаттамасы, ЕББҚ бар білім алушының портфолиосы. 3.9.1. Жалпы білім беру мекемесінде ЕББҚ бар білім алушыны сүйемелдеу бойынша педагог-ассистенттің құжаттамасы (ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау мазмұнын анықтау және т. б.) 3.9.2. ЕББҚ бар білім алушының портфолиосы (коммуникативтік паспорт).			1		1		2
Модуль 4		1			2	1		4
Айнымалы (вариативті) модуль								
4.1	Тақырып 4.1 Инклюзивті сыныпта тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістері мен формалары	1			1			2
4.2	Тақырып 4.2 Педагог-ассистенттің ЕББҚ бар баланың ата-анасымен өзара іс-қимылының мазмұндық-ұйымдастырушылық нысандары				1	1		2
Барлығы		80 сағат						

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау сабақтарды өткізу барысында да, сонымен қатар курсты аяқтағаннан кейін «жобаны қорғау» нысанында жүргізіледі.

Педагогтердің біліктілігін арттырудың бұл бағдарламасы оқыту мақсатын көздегендіктен, оқыту нәтижелерін бақылау сабақтарды өткізу барысында зерттеу-әңгімелесу, практикалық тапсырмаларды орындау түрінде жүргізіледі.

Бақылаудың қорытынды нысаны - «жобаны қорғау».

Жобаның құрылымы

Бір жобалық тақырыпта 4-5 тындаушыдан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын дайындайды. Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) Титул парағы (ұйымның атауы, әзірлеуші(лер)нің Т.А.Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсаты мен міндеті, пайдаланылатын әдебиет көздері, негізгі мәселенің тұжырымы мен қысқаша сипаттамасы беріледі).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған проблема ашылады, оны шешу жолдары дереккөздер мен тиімді практика материалдарында негізделеді, дәлелді ұстаным көрсетіледі).

5) Қорытынды (жобаның алға қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің негізгі қорытындылары шығарылады, жалпыланған қорытындылар жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

6) Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі.

7) Қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) Слайдтар түріндегі презентация.

Жобаны бағалау критерийлері:

1) теориялық және практикалық білім көлемі.

2) тақырыптың жаңашылдығы мен өзектілігі.

3) шығармашылық.

4) нақты мәселелерді шешу үшін білімді қолдана білу.

5) жобаның мазмұнын қисынды, барабар аша білу.

Жобаны бағалау критерийлері:

	Критерийлер	Баллдар	
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау. Мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі		
2	Қойылған проблемалардың, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жоба мазмұнын құрылымдау: логикалық және дәйектілік		
4	Мазмұнның жоба тақырыбына сәйкестігі: - мәселенің ашылу дәрежесі; - жоспарға сәйкестік.		
5	Жұмыстың болашағы: - жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы; - жұмысты жалғастыру мүмкіндігі.		
6	Инновациялық тәсілдерді қолдану		

7	Шешендік өнер		
8	Сұрақтарға жауаптар		
9	Шығармашылық		
	Ұпай саны		

Жобалық жұмысты бағалау үшін мынадай критерийлер бөлінеді: 0 балл – іске асырылмаған; 1 балл – ішінара іске асырылған; 2 балл – толық іске асырылған. Жоба бойынша ең жоғары балл саны – 20 балл.

Жұмыс үшін балл сомасын дәстүрлі бағалау нормаларына аудару:

«5» (өте жақсы) бағасы 17-20 балл сомасына қойылады.

«4» (жақсы) балл 14-16 баллға сәйкес келеді.

«3» (қанағаттанарлық) балл 10-13 балл сомасына сәйкес келеді.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу орта білім беру ұйымдарындағы «инклюзияны қолдау кабинеттерімен» ынтымақтастық шеңберінде келесі түрде жүргізілетін болады:

1. Онлайн-конференциялар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б. тыңдаушылардың сұрауы бойынша олардың жұмысы барысында қиындықтар туғызған тақырыптар бойынша кеңестер беру.

2. Мақалалардың (әдістемелік әзірлемелердің) бірлескен жарияланымдарын дайындау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Әдістемелік ұсынымдар/Құрастырушылар: Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. – Алматы, 2019. – 118 б.
2. Жалпы білім беретін мектепте оқу процесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 258 б.
3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесіне тиімді әдістемелер мен технологияларды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 216 б.
4. ЕББҚ бар балалармен мамандық таңдау кезінде отбасы, мектеп және жұмыспен қамту қызметтерінің өзара әрекеттесуі бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 154 б.

5. Инклюзия жағдайында жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық білім берудің жеке бағдарламаларын құру бойынша әдістемелік ұсыныстар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 320 б.
6. «Білім беру ұйымдарында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар». Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 320 б.
7. Инклюзивті білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 200 б.
8. Инклюзия жағдайында бастауыш мектептің оқу пәндері бойынша ТЖБ және БЖБ сараланған тапсырмаларын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 146 б.
9. Инклюзия жағдайында 5-9 сыныптардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу пәндері бойынша ТЖБ және БЖБ сараланған тапсырмаларын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 144 б.
10. Инклюзия жағдайында 5-9 сыныптардың қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқу пәндері бойынша сараланған ТЖБ және БЖБ құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 144 б.
11. ЕББҚ бар балаларға қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 112 б.
12. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баласы бар отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсыныстар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 112 б.